

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ



БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы-ректор,
профессор

М. Төлеген

2024 ж.

САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ


ШҚУ ҚБЕ 02-010

Бірінші басылым

Көшірме № _____
Енгізу күні _____


Өскемен қ.
2024 ж.

2024 жылғы 06 ақпан №01-қбе

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» ҚБ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелері	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Белгілер мен қысқартулар	3
4	Негізгі мақсаттар мен міндеттер	4
5	Қызметтің негізгі бағыттары	5
6	Ұйымның құрылымы	6
7	Басқа бөлімшелермен өзара байланысы	6
8	Өзгерістер	7
9	Келісу, сақтау, тарату	8

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 3 беті

1. Жалпы ережелер

1.1 Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті (бұдан әрі – СҚЕЖХЫД) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ басқарма төрағасы-ректорының 06.02.2024 жылғы №47-п бұйрығына сәйкес инновациялық даму және коммерцияландыру департаментін қайта құру жолымен құрылды.

1.2 СҚЕЖХЫД заң актілеріне, басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары мен өкімдеріне және осы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

1.3 СҚЕЖХЫД басқарма төрағасының орынбасары-стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша Директорлар кеңесінің шешімі негізінде басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

1.4 СҚЕЖХЫД университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және басқарма төрағасының орынбасары-стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың функционалдық бағынысында болады.

1.5 СҚЕЖХЫД басқарма төрағасының орынбасары-стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша басқарма төрағасының-ректордың бұйрығымен тағайындалатын және қызметтен босатылатын директорды басқарады.


1.6 СҚЕЖХЫД директорының және штаттық қызметкерлерінің штаттық кестесі мен лауазымдық міндеттерін басқарма төрағасы-ректор басқарма төрағасының орынбасары - стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен келісе отырып бекітеді.

2 Нормативтік сілтемелер

- 2.1 ҚР Конституциясы;
- 2.2 ҚР «Білім туралы» заңы, 2007 жылдың 27 шілдесі № 319-III;
- 2.3 ҚР Еңбек Кодексі, 2015 ж. 23 қарашасы № 414-V ҚРЗ;
- 2.4 ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- 2.5 Университет Жарлығы;
- 2.6 Ішкі тәртіп ережелері;
- 2.7. ІСКЕЖ.

3 Белгілер мен қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 4 беті

Университет – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ШҚУ ҚБЕ – Шығыс Қазақстан университеттінің құрылымдық бөлімше туралы ережесі;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;

СҚЕЖЖБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СҚЕЖХЫД – сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімнің жетекшісі;

ПжҚҚБ – персонал және құқықтық қолдау басқармасы;

ҚҚЕЖББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

ПОҚжҚҚК – ПОҚ және қызметкерлердің кәсіподақ комитеті;

ЖОО – жоғарғы оқу орны.

4 Негізгі мақсаттар мен міндеттер


4.1 СҚЕЖХЫД дамудың негізгі стратегиялық маңызды бағыттары бойынша университет қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында өз қызметін жүзеге асырады, атап айтқанда: университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін түзету және алдын алу іс-әрекеттерінің орындалуын жоспарлау, ұйымдастыру және мониторингілеу саласында; университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету; университеттің үш деңгей бойынша білім беру бағдарламаларының ұлттық және халықаралық рейтингтеріне қатысуын ұйымдастыру (бакалавриат, магистратура, докторантура), білім беру бағдарламаларын аккредиттеу рәсімдерін ақпараттық-әдістемелік және ұйымдастырушылық сүйемелдеу, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіндегі халықаралық байланыстарды нығайту.

4.2 СҚЕЖХЫД жұмысының мақсаты университеттің даму бағдарламасына сәйкес орта және қысқа мерзімді кезеңдерге арналған қызметін стратегиялық жоспарлау, университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтердің ТОП-қа кіруін жоспарлау және үйлестіру, ББ халықаралық аккредиттеуден өту, университеттің халықаралық қызметін жүзеге асыру болып табылады.

4.3 Мақсатқа сәйкес СҚЕЖХЫД негізгі міндеттері:

Мақсатқа сәйкес СҚЕЖХЫД негізгі міндеттері:

– университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын әзірлеу және іске асыруды қамтамасыз ету;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010

- университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын әзірлеу және іске асыруды қамтамасыз ету;
- университеттің институционалдық аккредитациясын және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредитацияларын ақпараттық сүйемелдеу;
- академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаментімен бірлесіп жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуді қамтамасыз ету;
- үздік шетелдік оқу орындарында университеттің ең дарынды жастары қатарынан жоғары білікті кадрларды даярлауға жәрдемдесу;
- университеттің халықаралық ғылыми қызметін дамыту, университеттің халықаралық ғылыми және инновациялық бағдарламалар мен жобаларға қатысу сапасын арттыру;
- университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде қос диплом бағдарламаларын енгізу және іске асыру;
- білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы арасында академиялық ұтқырлық саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

5 Қызметтің негізгі бағыттары

5.1 Департамент қызметі шеңберінде есептілікті жинауды, өңдеуді, талдауды және ұсынуды белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;


5.2 Білім беру бағдарламаларын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімдерін ұйымдастыру-әдістемелік сүйемелдеу бойынша жұмысты үйлестіру, ПОҚ, кафедраларды, университеттің жоғары мектептерін қолдау, білім беру сапасын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша;

5.3 Аккредиттеу агенттіктері ұсынатын ұсынымдарды орындау және ескертулерді жою бойынша университетішілік мониторинг және университеттің жоғары мектептері мен департаменттерінің қызметін бақылау;

5.4 Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде халықаралық және Ұлттық аккредиттеу агенттіктерімен өзара іс-қимыл жасау;

5.5 Еуропалық сапа стандарттарына сәйкес аккредиттеуден сәтті өту үшін білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту және өзін-өзі бағалау есептерін дайындау бойынша жоғары мектептерге кеңес беру;

5.6 Аккредиттеу агенттіктерінің сараптамалық тобының Университет басшылығымен, профессор-оқытушылар құрамымен, жұмыс берушілермен және білім алушылармен сыртқы кездесулерін және сұхбаттарын ұйымдастыру;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» ЖЕ АҚ	Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010

5.7 Халықаралық ынтымақтастық саласындағы форсайттық зерттеулерді әзірлеу;

5.8 Мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп университет қызметкерлерін, докторанттарын, магистранттары мен студенттерін шетелге іссапарға жіберуге (жіберуге) тапсырмаларды келісу;

5.9 Мамандарды даярлау, бірлескен оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу бағдарламалары, Баспа қызметі және шетелдік әріптестермен басқа да тікелей келісімдер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

5.10 Ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау, университеттің халықаралық жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарын перспективалық жоспарлау, жалпы университеттік деңгейде байланыс орнату үшін серіктестерді іздеу және іріктеу. бірлескен қызметтің жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, СҚЕЖХЫД құзыретіне жататын бағыттар бойынша жоғары оқу орындары арасындағы алмасулар мен байланыстарды жүзеге асыру;

5.11 Қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес университеттің жоғары мектептеріне, кафедраларына және басқа да бөлімшелеріне Халықаралық ЖОО-аралық ынтымақтастықты жүзеге асыру бойынша жұмысты үйлестіру және көмек көрсету, СҚЕЖХЫД құзыретіне жататын мәселелер бойынша шет елдердің оқу орындарымен (білім беру мекемелерімен) шарт бойынша университет қызметкерлерін жұмысқа тартуға жәрдемдесу.

6 Ұйымдық құрылым


6.1 СҚЕЖХЫД құрамына стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі кіреді.

6.2 СҚЕЖХЫД қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін басқарма төрағасы-ректор бекіткен ЛН айқындайды.

7 Басқа бөлімшелермен байланыс

7.1 СҚЕЖХЫД университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен, жоғары мектептерімен және кафедраларымен ынтымақтасады:

- лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті университеттің құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарымен жұмыс бойынша;
- нормативтік-құқықтық сипаттағы ақпарат бойынша;
- Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерімен департаменттің құзыретіне кіретін ақпаратпен алмасу бойынша;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 7 беті

7.2 СҚЕЖХЫД өзінің құзыретіне кіретін мәселелерге қатысты ішкі нормативтік-ұйымдастырушылық және өкімдік құжаттарға, сондай-ақ университет жасасатын шарттар мен келісімдердің талаптарына сәйкес басқа республикалық және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

8 Өзгерістер

8.1 ҚБЕ-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы ҚБЕ орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ҚБЕ-ге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші жүргізеді. ҚБЕ-ге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАБ және ҚБЖ жауапты болады.

8.3 ҚБЕ-ні тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей ҚБЖ-мен қайта каралады.

8.4 ҚБЕ-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:


- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген нормативтік құжаттарға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заң күші бар құқықтық актілер;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚБЖ-нің қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде ҚБЕ ауыстырылуы тиіс.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған ҚБЕ-нің барлық даналары алынып, жанасына ауыстырылуы тиіс.

8.7 Ереженің ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ және СХЫЖАБ жауапты болады.

8.8 Күші жойылған ҚБЕ күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сананы қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 8 беті

9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ҚБЕ-ні келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

10.2 ҚБЕ-ні ҚБЖ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

- СІҚЕЖЖБӨ-мен;
- ҚҚЕЖББ-нің жетекшісімен;
- ПжҚҚБ-ның жетекшісімен;
- ПОҚЖҚКК-нің төрайымымен;
- заңгер-кеңесшімен.

9.3 ҚБЕ басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 ҚБЕ түпнұсқасы ПжҚҚБ-нда сақталады, оның сақталуына ПжҚҚБ-ның жетекшісі жауапты болады.

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ҚБЖ мазмұнымен жеке танысқаны үшін ҚБЕ түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, осы ҚБЕ-нің мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚБЖ жауапты болады.

9.6 Есепке алынған ҚБЕ-ні жұмыс даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.7 ҚБЕ-нің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ-не жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры



Б.К. Рахадиллов

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі




А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2027 ж.
	Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті туралы ереже	ШҚУ ҚБЕ 02-010	12 беттің 9 беті

ПОҚ және қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрайымы



Н.К. Аяганова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

